

2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 11 қаңтардағы N 6 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 ақпанда N 2167 болып тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты 29.12.2014 N 8.1.5-2/1111 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты 29.12.2014 N 8.1.5-2/1111 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31–бабы 1–тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5–бабы 2–тармағына, 7–бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары анықталсын:

- 1) та бы сы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

10) оралмандар;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін:

1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;

2) 50 жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

3) колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері, оқу мекемелерін аяқтаған күнінен бастап 1 жыл бойына;

4) ұзақ уақыт бойына жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);

5) бір де біреуі жұмыс істемейтін отбасыларының тұлғалары.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Е.Қ. Бағеновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> <i>Жамбыл ауданының әкімі</i>	<i>В. Балахонцев</i>
--	----------------------